

қытайларға деген көзқарасын түсіндірген. Жан Гуаң Даның бұл жұмысы Қытайдағы ғалымдардың назарын аударып «Диуани лұғат-ит-түрік» жайында, түркі тарихы мен географиясында, түркі мәдениетін зерттеушілер мен қызығушылардың пайдалану құралдарының біріне айналған [6; 62].

Бұдан басқа, доцент Ли Зың Шяң мен Ли Джиң Уидың жазған «Түрік Тілінің Сөздігі және зерттелуі» атты мақаласын атап өтуіміз керек. Мақалада сөздік жөнінде жалпы шолу жасалған [7; 18].

Профессор Ибрахим Иүти «Түрік Тілінің Сөздігі және Қашқарлы Махмұд» деген зерттеуінде сөздіктің тіл ерекшелігі жайында сөз еткен [8; 3]. Түркітанушы Мирсұлтан Османов та, Шин Жяң Қоғамдық Ғылымдар Академиясы жағынан тұңғыш рет өткізілген Қоғамдық Ғылымдар конференциясында (1982 ж.)

ұсынған мақаласында Түрік тілінің сөздігінің әдеби тіл ерекшеліктерін, Махмұд Қашқаридың өмір сүрген жері Қашқардың тарихы жөнінде атап өткен. Профессор марқұм Нығмет Мыңжани түрік тілінің сөздігіндегі сөздер мен қыпшақ қазақшасының тілінің байланысына

тоқталып, қарлұқтардың бір бөлігі қазақ тайпаларына жататынын, чүмүл, яғма сынды тайпалардың бір бөлігі де қазақ тайпаларына жататынын дәлелдеген, олай болса қазақтармен сөздікте сөз болған ұлттар мен тайпалар арасында тығыз байланыс бар деуге болады [9; 28].

1. Wang Yuan-Xin, Zin'deki Tьrk Diyalektleri Araştırma Tarihi, Ankara, 1994.

2. Үйғыр тіліндегі, Үрімжі, 1981.

3. Ху Джын Хуа, Гың Шы Мин, Шин Жяң Әдебиеті, Үрімжі, 1964.

胡振华/耿世敏新疆文学, 乌鲁木齐, 1964.

4. Жаң Гуаң Да, Орталық Ұлттар Институтының газеті, 26.1978) 张光达, 中央民族学院日报, 1978

5. Гың Шы Мин, Қарахан Дәуіріндегі мәтіндер I,II,III 1978-1979. 耿世敏 喀喇汗王朝文献, 乌鲁木齐, 1978-1979.

6. Жаң Гуаң Да, Махмұд Қашқаридың Түрік тілінің Сөздігі және Дөңгеленген дүние картасы, Тіл және Аударма, 1982. 张光达, 马赫穆喀什隔离的 突厥语词汇 与 鉴于此树的圆形地图, 语言与翻译, 1982.

7. Ли Дзың Шяң, Кітап сыны, 4, 1980, Ли Чиң Уимен бірге. 李增祥/李庆伟, 突厥语词典及其研究, 1984.

8. Ибрахим Иүти, Түрік Тілінің Сөздігі және Қашқарлы Махмұд, Шин Жяң Газеті, 1948.

9. Нығмет Мыңжани, Түрік Тілінің Сөздігі және Қазіргі Қазақ тілі, Шин Жяң Қоғамдық Ғылымы, I/1981, II/1982.

Р.А. Авакова, Ж.М. Зинадил

Кашкари «Диуани лугат ат-турк» в исследованиях тюркологов Китая

В данной статье рассматривается энциклопедический словарь Махмуда Кашкари «Дивани лугат-ат турк». Анализируются работы Китайских исследователей, посвященной к этой проблеме.

R.A. Avakova, J.M. Zinadil

Kashkari "Diuanl lugat at-Turk" in Chinese studies turkologists.

Given article considers the encyclopedic dictionary of Mahmud Kashkari «Divani lugat at-turk». Analyzed the works of Chinese researchers devoted to this problem.

Р. А. Авакова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, ф.ғ.д., профессор

А. А. Сайлауова,

2-курс магистранты

ТҮРКІ МИФОЛОГЕМАЛАРЫ: ХАЛЫҚ САНАСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ТЕТІГІ

Мифологемалар – ерте кездегі халықтың әдет-ғұрпына, салт-санасына, көне дәуірдің наным-сенімдерінде пайда болған, тілді жасаушы халықтың белгілі дәуірдегі ой-санасының, жан-дүниесінің көрінісі болып та-

былатын эмоционалдық және экспрессивтік мәнге ие тілдік қордың құрамдас бөлігі. «Халықтың дүниетанымын, көңіл-күйін, алғысы мен қарғысын, көз жасы мен қорқынышын, қуанышы мен ренішін, тілегі мен батасын

бойына сіңірген, өзіндік ұзақ тарихы бар, қазіргі заманға дейін тілде сақталған тұрақты тіркестер әдеби тілдің актив қолданысындағы тарихи материалы болып табылады» [1; 98].

Ежелгі дәуір адамдары әр заттың, нәрсенің не жақсы, не жаман иесі бар деп түсінген. Сондықтан жақсы жақтағыларды құдай, періште, пайғамбар, әулие деп атап, жаман жақтағыларды шайтан, албасты, пері (мұның да екі түрі бар) деп сенген. Алғашқы қоғамдағы адам бұларды нақты өмір сүретін нәрселер деп білген [2; 94].

Адам табиғатының дамуы айналадағы қоршаған ортаға байланысты екені бесенеден белгілі. Оның дүниетанымы – болып жатқан жағдайларға көзқарасы білімінің қайнар көзі болып табылады. Осы орайда түркі халықтарының, оның ішінде тілі мен ділі бір қазақ және түрік тілдеріндегі мифологемалар. Жалпы мифологема дегенде, әңгіме миф жөнінде болатыны бәрімізге мәлім, сондықтан да ең алдымен миф деген сөздің мағынасына кеңінен тоқталып өтейік.

«Миф» - ол ескі заманнан бері Көне Грециядан бастау алған ұғым, яғни құдайлардың, дүниенің, тіршіліктің, адамзаттың қалай пайда болғанын бейнелейтін аңыздар. Бірақ ол ХІХ ғасырдағы ғылым ойлағандай өтірік емес, ертегі де емес (қарабайырланып кетіп ертегіге айналуы мүмкін). Ол белгілі бір ұлттың, нәсілдің қоршаған дүние туралы, өзі туралы, өзінің тарихи жолы туралы астарлап айтқан шындығы. Мифология ғылымымен айналысып, оның ішінде қазақ мифологиясын зерттеген, көптеген еңбектер қалдырған С. Қондыбай мырза былай деп жазады: «Мифология, миф – ойдан шығарылған қиял емес, ол – өткен заманның адамының шындығын бойына сақтап қалған ата-баба сарқыты. Ол – өткенді саналы түрде бұрмалаудың, жалғандықтың ескерткіші емес, бірнеше мәрте бүктетіліп, оралып, ақиқаты мен қатесі қатар өрілген, еріксіз шатасудың тозаңының арасында байқалмай қалған ақиқаттың өрім қамшысы» [3; 9].

Жалпы алғанда, ХХ-ХХІ ғасырдағы гуманитарлық ғылымда мифке көзқарас қатты өзгерді, ұлттың санасын, түпсанасын да миф арқылы зерттеуге болатыны анықталды. Ұлы философ, Фридрих Ницше мифті кез келген дені сау мәдениеттің көкжиегін қоршап тұратын, сол мәдениетті, сол халықтың санасын қорғап тұратын шекара деп білген. Бізге сол

шекара, әсіресе кәзіргі жаһандану дәуірінде қандай керек екені сөзсіз түсінікті.

Ал түркі халықтарында, оның ішінде қазақ және түрік халықтарында, мәселен, көне гректермен салыстыратын болсақ, бірқатар космогониялық, астрономиялық және этиологиялық мифтерден басқа дүние жоқ сияқты еді. Өйткені біздің мифтер дер кезінде (мыңдаған жыл бұрын) қағазға түсірілмеген, әбден қарабайырланып, фольклор денгейіне түсіп кеткен. Оған қоса, көшпенділердің көптеген мифтері мәтін түрінде емес, жеке сөз, музыка, ою-өрнек, киелі архитектурада астарлап берілген, дәлірек айтқанда, бізге сол түрінде ғана жеткен. Сөйте тұра, сол аз мұрамызды зерттеу мәселесі отарлық империя тарихынан қолдан тежелген.

Алғашқы Адамның дүниеде жаралуының өзі таңғажайып құбылыс, түпсіз терең ойлардан өрбіген мифтердің қайнары. «Адамның жаралуы» деген мәселе жайлы аңыз – дүниеде ең алғаш пайда болған бастапқы аңыздардың бірі. Барлық халықтардың арасында олардың өздері тудырған және соған ойлары жүгінген хикаялары бар. Бұл аңыздардың бәрі күдірет иесі *Тәңір* адамды топырақтан жаратқан деген ұғымды берік ұстанады. Сонау ерте заманнан бері барлық ұлттар арасында тарап, жалпылама болса да қалыптасқан. Бұл жайлар көне жазбаларда да бар. Қытайдың ерте замандағы «*Ғұрып-әдет естеліктері*» деген көне жазбасында осы жайлы былай жазылған: «Дүние жаралған шақта адам баласы әлі жаратылмаған еді. Кова (жаратушы) адамның түрқын сары топырақтан жасаған. Ол жалғыз өзі ештеңе тындыра алмайтын болған соң, лайға шылаулы тұрған арқанды балшыққа тастай салады. Содан соң күдіреттің күшімен сол арқанға жан бітеді де, адамға айналады». Еврейлердің құдайы *Яхуей* де, Мысыр аңызындағы *Бері басты құдай* да әуелі балшықтан адамның түрқын жасап алғаннан кейін оған жан бітеді. Жалпы адам баласының қалай пайда болғаны жайлы ойлар осылайша өрби келе, ақыры әртүрлі сенімдердің ақауына айналған. Философиялық түйсіктердің негізін қалаған сол сенімдердің бәрі де адамның топырақтан жасалғанына барып тіреледі. Өйткені сол замандағы наным бойынша топырақтың өзі де аса қасиетті, күдіретті *Тәңір* саналған.

Ежелгі түріктердің бір аңызында айтылуынша, алғаш әлемді қара түнек жауып, бұ-

лыңғыр мұнар басып тұрған. Ұзақ уақыт өткеннен кейін *Жер* мен *Аспанның* жігі ажырайды. Содан әр қайсысы өз алдына бөлектеніп, бітім-түрпаттары бірте-бірте ұлғаяды да, екеуінің арасынан *Күн* мен *Ай* пайда болып, шексіз бостықтан орын алады. Содан кейін барып дүние *Қараңғы* және *Жарық әлемге* бөлінеді. Сол *Жарықтың* нұры себілген жерлерден адам баласының, жан-жануарлардың тіршілігі басталған... Осы арада қазақ аңызындағы *Алдар Көсе* мен *Сайтанның* өзара таласы еске түседі. Жолаушылап келе жатқан екеуі шаршаған соң, бірін-бірі кезектеп арқалап жүрмек болады. Сонда кезек жайын ойласады. Кімнің жасы үлкен екенін анықтау үшін бірінен-бірі асып түсіп, жастарын ұлғайтады. Сайтан өзі туғанда жердің тоқымдай екенін айтады. Сонда *Алдар* зар еңіреп жылап жібереді. Сол тоқымдай жерде атқа шауып жүрген баласының өлгенін айтып жеңеді... Бұл аңызда да көне сенімнің ізі жатқаны байқалады. Бұл да халқымыздың ұзақ тарихи өміріндегі рухани қазынаның сарқыны сияқты.

Аңыздық сенім бойынша *Жер* – адам баласының, тіршіліктің, аң мен құстың, ормантоғайдың, жеміс-жидектің, балауса шөптің Анасы. *Аспан* – жарық сәуленің, су себелейтін жауын-шашын бұлттарының анасы. Сондықтан адам баласы *Көк Тәңіріне Жер-Ана* тәңіріне табынған. *Тәңір* – ертедегі Алтай шамандарының нанымдық тілі. Бұл сөз күдіретті кие, аспан және шексіз кеңістік деген ұғымды білдірген. Кейін келе жаратушы киенің мағынасына ауысқан. *Тәңір* сөзі жыл санауымыздан бұрынға III ғасырда өмір сүрген Ғұндарда (Күндер) ұшырасады. Сол заманда *Тәңір* деп аталатын киелі күдіретке Ғұндар да табынған екен. Тіпті өздерінің билеушілерін *Тәңір құт* деп атап, соған бас иген. Ал ол билеушілері болса, бізді *Тәңір* жақсы көріп жаратқан айрықша сипаттағы адамдарымыз деп, өздерін *Тәңір балалары* атаған. Сол заманда Ғұндармен аралас-құралас, қанаттаса өмір сүрген, сол ғұндарға бағынышты болған, кейін бөлініп, өз алдына тәуелсіз өмір сүрген Үйсіндердің сенімінде де *Күннің күдіреті* ерекше орын алады. Үйсін билеушілері де өздерін *Күн тәңірінің* нұрынан жаралған деп санайды да, *Күн тәңірдің* жебегені жайлы жоралғыны қолданады. Сондықтан Үйсін елі билігінің иесі *Күн би* аталған.

Бұл *Күн* тәңірі жаратқан, мейірін төккен би деген ұғымды білдіреді.

Шамандық белгілер көне түркілердің сенімдерінде көп екендігі туралы әсіресе XIX ғасырда жасалған зерттеулерде мол айтылған. Бұл ретте алтайлықтар мен якуттар тұрмысы ерекше қарастырылды. Шамандықпен қоса өзге діндерден келген көптеген сөздер бар екендігін айту қажет. *Құдай, құрбұстан, кормос, майтере, маңдашире, бурхан, матмас* т.б. ұғымдар әртүрлі сенімдердің терминдері. Буддизм, индуизм, христиандық элементтер араласқан сенімдер ішінен таза көне түркілік шаманизм нысандарын бөліп шығару өте қиын шаруа.

Шамандық наным, сенімнен гөрі емшілік, жадылық, сиқырлық сипаттарға көбірек ие болған. Шаман сөзі үнді, парсы тілдерінде де бар екен. Түркілердің аталар рухына сенуі, құрбандық шалуы, бүркітті кие тұтуы сияқты салттары шамандық жосықтармен де сабақтас келеді. Шаман өлгендер руымен тілдесу, солардан медет алу тәріздес құпиялардың сырын іздейтін тылсым күштермен байланыс жасайтындай көрінеді. Шаман өзін адамдар мен тәңір арасын жалғастырушы деген ойды қалыптастыруға үлкен ықпал жасаған.

Ескі түркі сенімін үш топқа бөлуге болады. Біріншісі – табиғат күштеріне сену. Көне түркілер табиғатта, оның құрамдас бөліктерінде: *аспанда, жерде, тауда, таста, өзен-көлде, орманда, ағашта, найзағайда, темірде* тылсым күштер бар деп сенетін еді. Бұлардың бәрін ерекше рухы бар деп санаған. Ол рухтар жақсы және жаман деп екіге бөлінген. Мұндай сенімдер көне грек, рим, қытай, үнді тайпаларында да болған. *Көк тәңіріне* және ата-бабалар рухына бағыштап көне ғұндар жылқыны құрбандыққа шалған. Көк түріктерде де осынадай дәстүрлі рәсім болғаны белгілі. Қаған *күндіз күнге, түнде айға* табынған. Көне түркілер белгілі бір іске кірісер алдында ай, жұлдыздар қозғалысын бағатын болған. Табағаштар ғибадат жасаған жерлерге қайың ағаштарын екен, кейін ол жерлерді қасиет тұтып, бағып, суарған соң киелі саналатын ормандар сілемі өсіп шыққан.

Екіншісі – дүниеден өткен бабалар рухын құрмет ету, оларға сену, сиыну – көне түркілер сенімінің құрамдас бір бөлігі. Дін зерттеушілер мұндай наным жалғыз түркілерде ғана емес, әлемдегі көне халықтардың бәрінде

де болғанын анықтап берді. Ғұндар, табғаштар, көктүріктер киелі деп санаған орындарда, үнгірлерде, қалаңқайларда, өзен-көл жағасында ата-бабалар рухына арнап құрбан шалған. Олар ата-бабалардан қалған түрлі киімдерді қару-жарақтарды киелі санап, оларды ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап, жасырып, бірінен біріне жеткізіп отырған. Сол сияқты бабалар зираты аса қастарленіп сақталған, күтілген. Зиратты бүлдіру үлкен қылмыс саналған. Аттиланың бірінші Балқан жорығының негізгі себебі Маргос епископының ғұн зираттарын бітіріп, ескі қабірлерді бұзып, тонауына жауап ретінде басталған. Дәл осындай оқиға б.ж.б. 79 ж болды, түркілер бабалары қорымын талқандағаны үшін монғолдарға соғыс ашқан.

Көне түркілердің негізгі діні – *Көк Тәңірлер* саналады. Бұл басқа діндер ықпалына түспеген ең арғы дәуірлердегі саф таза сенім болатын. *Көк Тәңірі* дүниені тұтас басқарып отырған бірден-бір ұлы қуат, алып күш есептелген. Түркілер оның тұрағы аспанда деп санап, *Көк Тәңірі* деп атаған. Бұл сенім аңшылықпен айналысатын, үнемі қозғалыста жүретін бағыт-бағдарды күн, ай, жұлдыздар арқылы белгілейтін көшпелі елдерде ғана туғандығы дәлелденген. Осы ата салт, ата дәстүр көне түркілердің тұрмыс-тіршілігінен, қоршаған ортамен байланысынан барып тұрған.

Көк Тәңірі сенімінің негіздері туралы деректерді Қытай жазбаларынан, Орхон ескерткіштерінен, өзге де шетелдік ғалымдар еңбектерінен табуға болады. Б.ж.б. 176ж Қытай императорына жазған хатында ғұн қағаны Мөде өз жеңістерінің тікелей жебеушісі әрі қолдаушысы *Көк Тәңірі* деп көрсетеді. Және өзін таққа отырғызған да *Көк тәңірі* санайды.

Сақталып қалған тас ескерткіш жазбаларында *Көк Тәңірі* түркілердің бірден-бір өзіндік құдайы екендігін анық ашып айтқан. Түркі халықтарының ұлы қағандықтар құрып, ұлан-асыр аймақтарды игеріп, зор мәдениет жасауына ықпал жасаған шешуші күштердің бірі – осы сенім-наным *Көк Тәңірлік* діні болғандығын әртүрлі елдердің зерттеушілері мақұлдап жазған болатын.

Көне түркілер арасына кейін кірген шамандық сарындар *Көк Тәңіріне* деген сенімнің негізгі қағидаларын, салттарын жоя алмаған. *Көк Тәңірі* сенімінде космогониялық, абстрактылық ойлаудың ғажайып үлгілері бар. Мұны Орхон ескерткіштерінен аңғаруға болады.

Әлемнің төрт тарабын анықтау, күн, ай, жұлдыздар қозғалысындағы заңдылықты білу, жыл маусымдарының ауысуын қадағалау, көне түркілерге осының бәрін біреу билеп, басқарып отыр деген жалғыз құдай – *Көк Тәңірі* идеясына алып келген. Яғни нақты бір пұтқа табынбай, әлемдік мәні бар жалғыз тәңірді мойындаған. Оның әйелі, баласы деген ұғымдар жоқ. Тәңірдің түрі, кескіні жоқ. Сондықтан түркілер тәңірге арнап ғибадатхана, пұтханалар салмаған. Түркілердің барлық рухани күш иесі *Көк Тәңірі* деген пікірлерді А. Габайн, Р. Гирауд, М. Ергин, А. Инан, К. Ширатори секілді ғалымдар жазған.

Көк тәңірлерінің арасында аса мейірімді әйел тәңірлері де бар. Әйел тәңірлерінің асқан күдіретгісі – *Ұмай ана*. Алтай түріктерінің аңыздары айтуынша, адам баласын *Ата тәңір Ерғұн мен Ана тәңір Ұмай* жаратқан. Бүкіл адамзат солардың ұрпағы саналады. Әсіресе, ұрпақ өсіруде *Ұмай ананың* қызметі де, күдіреті де зор. Махмұд Қашғаридің «Түрік тілдері сөздігінде» осы нанымды растайтын сөз. Көкке табынған түрік әйелдерінің «Ұмайға сиынсаң – ұл табасың» дейтін мәтелі бар. Сондықтан көне түріктердің нанымында – *Көк жүзі (Аспан)* де қасиетті кие. Шаман дініне тән нанымдарға назар аударсаңыз, адам баласының күш-қуаты, қауқары, ой болжамы жетпейтін құбылыстардың бәрі тәңірдің киесі саналады. Содан барып әр құбылыстың өзі тәңірге айналған.

Түріктердің аңыздары да «*Құдай* яғни *Тәңір* адамды сағыз балшықтан жасаған» деген нанымға негізделеді. Балшықты езіп, илеу үшін қолданған судың қасиеті ерекше дәріптеледі. Бір бұлақтың көзін ашудың өзі – шексіз бақытқа жеткізетін сауап. Сондықтан қазақ ырымында судың тазалығы дәріптеледі. Балаларды суға сарып, былғама деп тәрбиелейді. Суды ластауды да күнә санайды.

Алтай түріктерінің аңыздарындағы күдіретті тәңірлердің бірі – *Жер тәңірі*. Сондықтан түріктер: *Жер – Отан*, жарылқаушы мекен, адам баласының қорғанышы деп қастерлеп табынған. Қазақ баласы үшін де *Жердің* қадір-қасиеті өте жоғары. *Ата жұрт, ата қоныс* деп атадан қалған мұра ретінде қастерлейді. Бұл – қазақ қанына сіңген ізгі сенім. Соған орай жерді аялайды. *Жерді* албаты қазып бүлдірген әрекет – күнә, өйткені *Жердің* еркінен тысқары істелген іс оның жанын жаралайды. Бұл тәңірді күйіндіреді.

Тәңір атауы – түріктердің төл сөзі. О баста алтайлық шамандар *тәңірге* сиынып-табыну үстінде орындайтын ырым-жырымдарындағы құбылыстарға арнап қолданған сөзі. Осыған қарағанда түрік халықтары сенген діннің *тәңірі* де осы Алтай өңіріне орнығып, пенделеріне жол-жоба нұсқап отырған секілді. Сол *Тәңірдің* мекені – *Көк (аспан)* – шексіз кеңістік. Осы кеңістік ұғымы ұлғая келе күдіретті күштің иесі деген мәндегі жаратушы, құдай мағынасына ауысқан. *Тәңір* сөзі түріктер сенім-наныммен бірге жаралған, өте ерте заманнан қолданылып келеді. Түрік халықтары бұдан бес-алты мың жыл бұрын айды, жұлдызды, күнді *Тәңір* тұтқан. Осы күдіреттердің бәрі аспанда тұратындықтан сол шексіз кеңістікті де *Тәңір* қатарында қадірлеп *Көк Тәңірі* деп сыйынған.

Осындай наным-сенім жүйесімен түрік халықтары ерте заманның өзінде-ақ пір тұтқан еркек тәңірлер сияқты күдіретіне иланып, шектеусіз сенген, қасиетіне бас иген, киесі мол *әйел Тәңірлер* де болған. Бұл тәңірлердің күдіреті әлемдегі жан иелерін өзіне табындырған *Көк Тәңірінен* кем емес. Түріктердің сол ұлы *әйел Тәңірі Ұмай ана* деп аталады. Ерте замандағы күллі түрік жұрты оған бас иіп, шын ықыласпен табынған. Бұл түрік жұртының ежелгі дүниедегі сенім-нанымның айғағы.

Ұмай ананың күдіреті – адам баласына құнарлы топырақ пен тұнық су қайнарларын сыйлауы. Бұл екеуі де тіршіліктің көзі. Сондықтан *Ұмай ана* жер бетіндегі өнімнің де тәңірі саналады.

Қазақ халқының түпкі ата-бабалары дүниеге келгелі қаншама ықылым заман, сан ғасырлар өтті. Әсіресе, түркі тектес туыс халықтардан енші алысып, қара шаңырақта өз алдына жеке ту тігіп, ел болғалы бері қазақтар ата-баба дәстүріне ықылас қойып, әрін кетірмей, әдет-ғұрпын, салт-санасын және тілін, дінін сүттің қаймағындай таза сақтауға көше бастады.

Тәуелсіздік алғалы бері ұлттық салт-дәстүрлер қайта жаңғырып, қазақ мифологиясы да оқытылып жүргені көңілге қуаныш ұялатады. Тарихи көне үдеріс болып отырған мифология – халықтардың тіршілік кәсібіне, наным-сеніміне, өмірге деген көзқарасына байланысты туып, қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, өзгеріп, жаңарып отыр. Сондай-ақ, оның жаңа қоғамдық қатынасқа қайшы келетіндері жойылып, өмірге қажеттілері дамып, жаңа мағынаға ие болып отыр.

Ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға үзбей жалғасып келе жатқан мифология қайта жандануда десек, артық айтқандық емес. Білім ордаларында (балабақша, орта мектеп, ЖОО) түркі мифологиясын насихаттау жұмысы әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру арқылы өтеді. Көбіне әдебиет, әдеп, этика пәндерінде әр түрлі тақырыптағы мифке байланысты жарық көрген әдебиеттерді, бұқаралық ақпарат құралдар – газет-журналдарды қайнар көз ретінде пайдаланады. Оның мақсаты – осы мифке байланысты оқырмандарға беймәлім болып келген әдебиеттерді насихаттау, дәстүріміздің әр саласын қамтитын мәселелерді көтерген мақалаларды көпшілікке танымал ету. Сол арқылы осы тақырыпқа оқырмандардың, жастардың, жасөспірімдердің қызығушылығын арттыру, олардың дүниетанымына ықпал ету, дәстүрден тәлім-тәрбие алып, оны одан әрі дамытуына жағдай жасау.

Әртүрлі сенім-нанымнан туған құбылыстар сананың өсуіне орай ауысып, кейбіреулері жай ғана ойын негізіне айналып кетсе, кей сенімдер ой-қиялдың өрбуіне жол ашып отырған. Тіпті тіршілік әрекеттерінің көп қимылы сол құбылыспен астасады да, ұлтқа тән салтқа, дәстүрге айналып кетелі. Жалпы тіршілік құбылысы секілді сенім-наным қағидаларын да адам баласын жаңа белестерге жетелейді.

«Мифологиялық танымдағы тілдік «қалдықтар» – табиғи құбылыс. Тіл мұндай «қалдықтарды» «қатырып» («консервілеп») сақтап қана қоймайды, сонымен қатар мағынасын жаңартады, танымдық тұрғыдан жаңаша көзқараспен қабылдайды. Соның нәтижесінде тілдік бірліктердің тарих қойнауында ұзақ уақыт сақталуы – осының куәсі. Миф қабаттарын ақырындап аша отырып, біз біртіндеп ертедегі дүниетанымның ошақтарына жол аша аламыз, бабалардың өмір тіршілігін “өз көзімізбен” көруге мүмкіндік аламыз» [4;15]. Ф. Энгельс өзінің «Анти-Дюринг» еңбегінде: «...Всякая религия является не тем иным, как фантастическим отражением в головах людей тех внешних сил, которые господствует над ними в их повседневной жизни, отражением которых земные силы принимают форму не земных», – дей келіп, діннің қалыптасу тарихына тоқталып, пікірін жалғасты-рады: «... в начале истории объектами этого отражения являются прежде всего силы природы, которые при дальнейшей эволюции проходят у различных народов через самые разнообраз-

ные и пестрые олицетворения ... Фантастические образы, в которых первоначально отражались только таинственные силы природы, приобретают теперь также и общественные атрибуты и становятся представителями исторических сил», – деп көп діндік атрибуттың, күдіреті күшті бір ғана дінге шоғырлану үрдісін ашып береді [5; 328-329].

Діни-нанымдық ұғымдардың мифологиялық түп тамырына қайта оралуы – мифтен ата-бабаларымыздың шындық өмірін, тіпті қатыгез әлемін де көруге мүмкіндік береді. Мифология фольклордың қайнар көзі болса,

ауыз әдебиетінде сақталған байлығымыз – көне заманның тілдік бейнесі. Тарихи-этимологиялық экскурс – мифологияның «материалдық» көзі, дәнекері.

1. Авакова Р.А. Фразеология теориясы (монография). – Алматы; Қазақ университеті, 2009.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1996.
3. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. – Алматы, 2004. – 3- кітап
4. Авакова Р.А. Фраземалардың шығу дереккөздері. – Әлем кеңістігіндегі түркітану ғылымы. – 3-16 бб.
5. Маркс К., Энгельс Ф. соч. 2-е изд., т. 20. – М.: Профиздат., 1983. – 344 с.

Р. А. Авакова, А. А. Сайлауова

Турецкие мифологемы: духовно-культурные механизмы в сознании народа

Данная статья посвящена мифологемам тюркских языков. Тюркские мифологемы анализированы в лингво-культурологическом аспекте.

R. A. Avakova, A. A. Saylauova

Turkish myths: the spiritual and cultural mechanisms in the people's consciousness

Given article is devoted to mythologemes of Turkic Languages. Turkic mythologemes are analyzed in linguo-cultural aspects.

Ә. Б. Әбдірешова,

*М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Петропавл қаласы, Қазақстан*

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ТАҚЫРЫБЫ

Құқық қорғау тақырыбы – журналистика саласындағы қызықты да, өзекті әрі жан-жақты тақырып. Қызық болатындығы, оны жазу барысында түрлі фактілердің кездесіп, құрылымы жағынан ауқымдылығында болса керек. Белгілі бір адамның немесе қандай да бір жағдайға байланысты құқық қорғау тақырыбында қозғалған, көтерілген мәселе болғаннан кейін ол мақала (немесе репортаж, хабар) өзекті болып саналады. Жан-жақтылығына келер болсақ, өз мақаласын немесе репортажын дайындап, әзірлеуде оның мазмұнын ашатын мәлімет пен дереккөздің барынша нақты әрі дәйекті болуы журналистің өзіне байланысты. Яғни, оның кәсіби шеберлігі мен материалды дайындай білу әдісі тақырыпты қаншалықты меңгеріп, түсінгендігін көрсетеді.

Ал құқық дегеніміз мемлекет орнатқан және оның күшімен қорғалатын, жалпыға бірдей қоғамдық қатынастарды реттейтін тәртіп

ережелерінің (нормалардың) жиынтығы. Құқықтың түсініктері бірнеше, бірақ мазмұндары біреу-ақ.

Құқық мазмұнының негізгі элементтері:

- ✓ Қоғамның және адамдардың мүдде-мақсатын қорғау, орындау;
- ✓ Қарым-қатынастарды реттеп, басқару;
- ✓ Қоғамды дағдарысқа ұшыратпай, экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдениеттік т.б. бағытын дамытып, нығайту;
- ✓ Мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың құзыретін, ара-қатынасын реттеп, басқару;
- ✓ Халықаралық қатынастарды реттеп, басқару.

Құқықтың негізгі функциялары: реттеу және қорғау. Біз сөз қылып отырған құқықтың қорғау функциясы – нормативтік актілердің қоғамдағы қарым-қатынасқа ықпалын, әсерін күшейту, жаман қатынастарға тыйым